



КӨКЕЙКЕСТІ

«Қорадағы малдан қайыр болмай тұр. Жайылым тар. Шабындық жер жоқ», – деп, редакцияға Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданынан Шынарбек есімді оқырманымыз хабарласты. Ол бытыр мемлекеттен ең төменгі өсіммен 2,5 миллион теңге несие алыпты. Кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасымен арнайы курста оқып, алған несиесіне 8 ірі қара сатып алған.

— Қырбалтабай деген ауылда тұрамын. Біздің ауыл мал шаруашылығына өте қолайлы, — дейді жас фермер. — Кеңес үкіметінің кезінде 90 мың тұяқ ұсақ мал болған екен. Ауыл шетіндегі жайылымдық жерге сеніп, несиеге батып, мал

көп көрінеді. Тіпті жас фермер сол жайылымның бір гектарының мемлекет меншігіне қайтқанын естімегенін айтты.

— Мал бағатын адамға сондай бос жатқан жерді берсе, кәсібімізді дөңгелетер едік. Жемін де, шөбін де сатып алсан, мал баққаннан не пайда? — дейді.

Жайылым жыры барлық өңірде бірдей емес. Мәселен, Jas qazaq газетінің 7 маусымдағы санында «Неміс баласы ауылды қимайды» деген мақала жариялады. Алматы маңында жайылым тарылып, шаруа шатқаяқтап тұрса, қиырдағы Мойынқұмда ұлты неміс Петр Шенбергер мал өсіріп, шаруашылығының игілігін көріп отыр.

— Мал болмаса ауылда тұрмайсың ғой, — дейді неміс жігіті.

Иә, ауыл көркі — төрт түлік мал. Ал оны жүз мың гектар жерді қоршап алған қожайындар түсіне ме? Шынарбектің де, Петрдің де мал өсірсек, ауылға қан жүгіртсек деген шаруақор көңілі қуантады. Біреуі жайылымға зәру, ал біреуі ауылын қимай, аз үйлі Байталға ел қондырғысы келеді.

«Игерілмей, бос жатқан жер» демекші, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев осы аптада жариялаған Жолдауында жер туралы айтты. Президент: «Мемлекеттен жалға алу негізінде жерді тегін алғандардың көбі оны бостан-босқа ұстап, жұмыс істемей отыр. Елімізде «латифундистер» қатары көбейіп келеді. Ауыл шаруашылығы үшін берілген жерлерді мемлекетке қайтаруға көшу керек» — деп, мәлімдеді. «Жерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету — біздің міндетіміз!» — деген сөзді де жерге қарата айтты. Ресми дерек бойынша, елімізде 9 млн гектарға жуық игерілмей бос жатыр. Бірақ қағаз жүзінде бәрінің иесі бар. Күні кеше «Қазақстан» ұлттық

телеарнасының бір бағдарламасында бұрынғы депутат, қоғам белсендісі Мұрат Әбенев жер туралы елді елең еткізген әңгіме айтты. Ол «Жер комиссиясының құрамында жұмыс істеп жүргенде комиссия мүшелерінің бірі Ақмола облысының бұрынғы әкімі Сергей Кулагиннен «Сіз де қанша гектар жер бар?» — деп сұрады. Кулагин «89 мың гектар жерім бар» — деді. Жеріміздің жайы осылай» — деп күйінді.

Абай байлардың сарандығын сынаған әлдебір өлеңінде: «Ерте барсам жерімді жеп қоям деп, Бқтырмамен күзеуде отырар бай» — дейді. Не өзі пайдаланбайтын, не өзгеге қимайтын жер қожайындарының ісі де Абай айтқан сарандықтан айырмасы жоқ. Қысқасы, халық игілігіне жарамаған, елге пайда әкелмеген, тұяқ кесті болмаған жерден қазынаға түсер пайда бар ма? Әрине, жоқ. Осындайда жарты гектар болса да, жер қадірін білетін шаруа мен диканның еншісіне тигені игі еді дейсін...

Жарас КЕМЕЛЖАН

ӨЗІ ИГЕРМЕЙДІ, ӨЗГЕГЕ БЕРМЕЙДІ



алғанымды қайтейін, былтырдан бері жер жаппай сатылып жатыр. Ауылдың кіреберісі әлдебіреулерге сатылып кетті. Иесі жерін қоршап, қора-жайын салып алды. Биыл тағы бір ақшалай дөкей ауылдың табыны шығатын екінші жайылымды қоршап алды. Ал елді мекеннің шығыс жағына жаңадан ауыл түселді деп жол, су, жарық тартып, қоршап тастағалы 4 жылдан асты. Сөйтіп, мал өрісі тарылған үстіне тарылып жатыр. Шабындық жер де жоқ. Шөпті сатып аламыз. Биыл бір түк шөбіңіз мың теңгеге бір-ақ ұшты. Жемнің бағасы ала жаздай бір тиынға да түскен жоқ. Жылда қыста қымбаттап, жазда арзандаушы еді. «Жастарды кәсіптендіру керек» деп ұрандайды үкімет. Кәсіптенейін, мал өсірейін десең, жердің жайы мынау. Несие болса, әне, қылтамақтан алып тұрған, — деп шатқаяқтап тұрған шаруасының жайын жайып салды.

Жас жігіттің сөзінен түйгеніміз, несиеге сатып алған ірі қараның санын азайтпаса, қыстан қысылмай шығуы екіталай. Оның айтуынша, ауылда қағаз жүзінде иесі бар, бірақ мал бақпайтын, шөбін шаппайтын жайылым иелері

ОСЫ ҒОЙ ЕНДІ...

САЛЫҚ ТӨЛЕМЕЙТІН БАЙЛАР

Алматы – қалталы азаматтар көп тұратын қала. Әсіресе Медеу ауданында дәулеттілердің дәурені жүріп тұр. Алатаудың етегін өн жайлаған зәулім үйлердің иелері де солар. Ауласы абаттандырылған. Атан түйедей көліктермен көліп-кеткенде ғана көз қызықтыратын ауланы қас-қағым сәтте еркін көріп қалуға болады. Ал басқа уақытта қақпаның арғы жағы жұмбақ. Қарап отырсаңыз, 3-4 қабатты баспаналардың барлығын бүлдіріп тұрған биік кірпіш қоршау секілді. Әйтпесе сол шаңырақтарда тұратын кісілердің келбетін көріп, еркін аралассаңыз, олардың адами қасиеттерін оңай байқауға болар еді!

Өкінішке қарай, сонда тұратын отбасылардың арасында өзгеге бір сабақ жіп бермейтіндер баршылық. Ең қызығы да осы боп тұр. «Үйі бардың күйі бар» деген халық даналығы оларға арналмаған. Күйі болса да күйгелектеу келетін әлгі тұрғындар мүлік пен жер салығын төлеуге де қаражатын қимай жүр. Бүгінде жыланды тұрғындардың бюджетке берешегі 34 миллион теңгеден асып кеткен. Айталық, Достық данғылы, Қыз Жібек, Оспанов, Ондасынов, Таулы өңір көшелері мен Көктөбе, Таулы қырат секілді



шағынаудандарда тұратын шық бермес Шығайбайлар алдағы уақытта сот жағалайтын түрі бар. Бұл туралы мәлімет таратқан Медеу аудандық мемлекеттік кіріс басқармасы мамандары: «Зәулім үйлер мен қымбат пәтерлердің салыққа берешегі 34 миллион теңгеге жетті. Мәселен, Қыз Жібек көшесінде орналасқан бір коттедждің көлемі 750 шаршы метр, құны 95 миллион теңге тұрады. Баспана иесі 1,5 миллион теңгенің салығын төлемеген. Мұндай оқиғалар бірен-саран да емес. Тізімде бірнеше пәтерлері бар шенеуніктер де бар», — дейді.

Қарызға белшесінен батқандар енді сот орындаушылары арқылы қарыздарын өтейтін болады.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

АБАЙ – 175

Jas qazaq-тың 9 тамыздағы санында абайтанушы-ғалым Мекемтас Мырзахметовтың сұхбатын жариялаған едік. Осы сұхбатты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы оқып, баспасөз хатшысы Берік Уәлиге «Бұл кісіге эстафетаны өзің берсең жөн болады» деп тапсырма берген еді.

Президенттің осы лебізінен кейін Мекемтас ақсақал бізді үйіне шақырып, ұлы ақынның өлеңінен үзінді оқып, жыр эстафетасын жалғастырды. Сонымен бірге Мемлекет басшысына Jas qazaq арқылы алғысын айтып, өзінің үшбу сәлемін жолдады.



ӨЛЕҢ ОҚЫП, СӘЛЕМ ЖОЛДАДЫ

Мекемтас МЫРЗАХМЕТОВ:

*Алла деген сөз жеңіл,
Алаға ауыз қол емес.
Ынтыалы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа жол емес.*

*Дененің барша қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты,
Махаббат қылса тәңірі үшін.*

*Ақылға сыймас ол Алла,
Тағрипқа тілім қысқа аһ!
Барлығына шүбәсіз,
Неге мәужүт ол қуа.*

*Ақыл мен хауас барлығын
Білмейдүр, жүрек сезедүр.
Мұтәкәллимін, мантикин
Бекер босқа езедүр.*

Ұлы ақын Абай өлеңдерінен жалғасып жатқан жыр эстафетасын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің жанындағы абайтану институтының директоры, абайтанушы Жабал Шойынбетке жолдаймын. Ал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты бұрыннан білемін. Көп оқитын, көп білетін азамат.

(Жалғасы 2-бетте)

ДАРАБОЗ

ҚҰНДАҚБАЙ БАТЫР



Ат үстінде құйғытып жүріп, құралайды көзге атар мүлтіксіздігі тап мына шақта, олар да үлкен дайындықтан өткен елу шақты қызыл өскер шоғырына қарсы соғысқа өзірленгенде неге керек болмасын?!

(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
60,96

DOLLAR
388.18

EURO
427,58

РУБЛЬ
5,85



(Толығырақ 3-бетте)

БИЛІК

Осы аптада Президент Қ.Тоқаев алғаш рет халық алдында мемлекетіміздің келешегін айқындайтын «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауын жария етті. Онда көптеген өзекті мәселелер сөз болды. Алайда Мемлекет басшысы елді толғандырған қай салаларға айрықша көңіл бөлді? Енді осыған тоқталайық.

«Күшті Президент – ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет». Саяси жүйенің бұл формуласы мемлекет тұрақтылығының негізі саналады. Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет.

Халықпен тиімді кері байланыс орнату. Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары саналады. Президент Әкімшілігінде азаматтардан келіп түскен өтініштерді мемлекеттік органдардың сапалы қарауын қадағалап, жедел шаралар қабылдайтын бөлім құрылды.

Конституцияға сәйкес азаматтарымыздың өз ойын еркін айтуға құқығы бар. Егер бейбіт акциялар заңның шеңберінен шықпайтын және азаматтарымыздың тыныштығын бұзбайтын болса, бұған түсіністікпен қарап, жиындарды өткізу үшін арнайы орын бөлу қажет.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек.

Соңғы уақытта болған кайғылы оқиғалар ұйымдасқан қылмыстың тағы бір түрі — браконьерлік проблемасының бетпердесін ашты. Үкіметке екі ай ішінде тиісті заңнаманы қатайту үшін шұғыл шаралар қабылдауды тапсырамын.

Шикізатқа байланған менталитеттен бас тартып, экономиканы әртараптандыру. «Білім экономикасы», еңбек өнімділігін арттыру, инновацияны дамыту, жасанды интеллекті жаһандық дамудың негізгі факторларына айналды.

Квазимемлекеттік сектордың қайтарымын арттыру. Біздің мемлекеттік компаниялар ірі конгломераттарға айналды. Бірақ олардың халықаралық бәсекеге қабілеттілігі күмән тудырады. Мемлекеттің экономикаға орынсыз араласуын азайту мақсатымен квазимемлекеттік компаниялар құруға

мораторий енгізу жөнінде шешім қабылдадым.

Үкіметке микро және шағын бизнес саласындағы компанияларды табысқа салынатын салықтан үш жылға босату үшін заңнамалық база әзірлеу қажет.

Шағын және орта бизнеске қатысты рейдерлік әрекеттер жиілеп кетті. Бұл мәселе жөніндегі ұстанымым белгілі: бизнестің, әсіресе шағын және орта

жұмысты жаңа деңгейде жалғастыруымыз қажет.

Біз зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалар мен олардың отбасын қорғау жөнінде толыққанды бағдарлама әзірлеуіміз қажет. Қамқорлығында мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Біз мәдениет саласында жұмыс істейтін азаматтарға жеткілікті түрде көңіл бөлмей



akordak.kz

ЖОЛДАУДА НЕ АЙТЫЛДЫ?

отырымыз. Келесі жылдан бастап Үкімет мәдениет қызметкерлерінің еңбекақысын көбейткен жөн.

Соңғы 5 жылда

Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмек алатындар саны 77 мыңнан 1,4 миллионнан астам адамға артқан. Әлеуметтік көмекке бюджеттен бөлінетін қаражат көлемі 2017 жылдан бері 17 есе көбейді және одан да арта түсті. Басқаша айтқанда, жұмыс істегісі келмейтін адамдар немесе әлеуметтік көмек алу үшін өздерінің табысын жасыратындар көбейді.

Жұмыс істейтін азаматтар өздерінің зейнетақы жинағының бір бөлігін белгілі бір мақсатқа, соның ішінде баспана сатып алуға немесе білім алу үшін пайдалану мәселесін жыл соңына дейін пысықтауды Үкіметке ұсынамын.

Менің Үкіметке тапсырмам — кезекте тұрған аз қамтылған көпбалалы отбасыларға баспана беру мәселесін үш жыл ішінде шешу керек. Бүгінде олардың саны 30 мыңға жуық.

Дайындаған Жолдасбек ӘШІМХАНҰЛЫ

бизнестің дамуына кедергі келтіретін әрекеттер мемлекетке қарсы қылмыс деп танылуы тиіс.

Әлеуметтік бағыттарға — отбасы бизнесін құруға, ең алдымен, көпбалалы және жағдайы төмен отбасыларға баса мән бере отырып, бизнеске қолдау көрсетудің жаңа тәсілдерін енгізу керек.

Мемлекет басшысы ретінде тағы да мәлімдеймін: жеріміз шетелдіктерге сатылмайды. Оған жол берілмейді. Мемлекеттен жерді тегін жалға алу құқығына ие болғандардың көпшілігі жерді игермей, босқа ұстап отыр. Елімізде «шөп қорыған иттің» кебін киген «латифундистер» көбейіп кетті.

Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы алшақтап барады. Негізгі мәселе — ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы. Сондықтан, «Дипломмен — ауылға» бағдарламасының аясын кеңейтіп,

Жөн екен

Дариға НАЗАРБАЕВА – СЕНАТ СПИКЕРІ

Осы аптада депутаттардың жасырын дауыс беруінің нәтижесінде Дариға Назарбаева Парламент Сенатының спикері болып сайланды.

Дариға Назарбаева бұған дейін Сенаттың халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы болған. Ол М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін, Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Саясаттану ғылымдарының докторы, тарих ғылымдарының кандидаты.

Сандар сөйлейді

10,7 мың
қандасымыз биыл Қазақстан азаматы атанды.

670 мың гектар
ауыл шаруашылығына тиесілі СҚО-дағы жер мемлекетке қайтарылды.

Абай – 175

(Басы 1-бетте)

ӨЛЕҢ ОҚЫП, СӘЛЕМ ЖОЛДАДЫ

Маған екі-үш рет құттықтау хат жіберген. Содан байқағаным, менің кітаптарымды оқыпты. Бұл жолы қазақ газеттерін, оның ішінде Jas qazaq-тағы сұхбатымды оқып, өзінің пікірін білдіргені, өлең эстафетасын маған жолдатқаны — көргендіктің, зиялылықтың көрінісі. Біз үшін үлкен, ал президенттер үшін кішкентай дүниеге Тоқаевтың назар аударғанына ішім жылып қалды.


Осы орайда, мен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлына — көп оқитын, көп білетін жаңа Президентімізге айтар бір өтінішім бар. Біздің қазақ халқының мінез-құлқы өзгерген. Жан-дүниеміз кеңестік кезеңде, яғни отырықшылық дәуірде бұзылған. Капитализм одан ары бұзды. Осы жолдан халқымызды аман-есен алып өтетін бір-ақ ілім бар. Ол — Абайдың «Толық адам ілімі». Бұрын біз бұл ілімді білмейтінбіз. Қазір мұны толық ашып, барлық жүйесін жасадық. Енді осы ілімді мектептен бастап, жоғары оқу орындарына дейін оқыту керек. Оқулығын жасау, бағдарламасын дайындауды бізге тапсырса, бәрін жасап бере аламыз. Қысқасы, қазаққа «Толық адам ілімінен» басқа шығар жол жоқ.

Мемлекет басшысына айтар екінші өтінішім — абайтану жаңа деңгейге жетті. Жаңа дүниетанымға өтті. Бұрын біз Абайды құдайсыз көзқараспен зерттеп, түсініп келдік. Енді жаңа көзқараспен қарауымыз қажет. Абайды толық ашамыз. Ол үшін Нұр-Сұлтан қаласынан Абай атындағы ғылыми-зерттеу орталығы ашылуы керек. Бұрын бөлініп берілген 80 сотық жер бар еді. Сол жерді бізге кейбір дәкейлер бермей отыр. Соны берсе, біз мемлекетке 200 адамға жұмыс тауып бере алатын едік. Олардың бәрі салық төлейді. Мемлекетке ауыртпалық түсірмейміз. Өте жакын, таныс үш кәсіпкерім бар. Солар көмектескелі отыр. Көпқабатты бизнес орталығын саламыз дейді. Бізге бір қабатын береді. Жалпы табыстың 4/1 бөлігін біз алып отырамыз. Сөйтіп, абайтанушылардың ең төменгі жалақысын 500 мың тенгеге жеткіземіз. Мұның бәрінің бизнес жоспары дайын. Бізге тиесілі жерімізді берсе болды. Мемлекет басшысынан өз басым осы екі мәселені шешіп беруін өтініп сұраймын!

Жазып алған Жарас КЕМЕЛЖАН

Өз ойым

Абыз ақсакалымыз Мекемтас Мырзахметов газетіміз арқылы тағы да Абайды оқуға шақырды. Оқып қана қоймай, ұғып, ой тую керектігін қаперімізге салды. Сонда ғана сауатты һәм парасатты қауым қалыптасады. Тәрбиелі, еңбекқор, көзі



САУАТТЫЛЫҚ ФОРМУЛАСЫ

ашық, білімді ұрпақтың жетілетіні өз алдына. Олжас Сүлейменов те бұл жетіде кітап оқудың пайдасы туралы айтты. Орысша жазатын ақынымыз бүгінгі оқушы «Соғыс және бейбітшілік» (*Л.Толстой*), «Тынық Дон» (*М.Шолохов*) сияқты классикалық әдебиетті оқуы тиіс деп есептейді. Ол кісінің пікірінше, соңғы 40 жылда бұрынғы кеңестік кеңістікте ақылды адамдар күрт азайып кетіпті. Себебі біреу: кітап бұрынғыдай жұртты тәрбиелемейді.

Кеңестік жүйенің әдебиетті әлеуметтің санасын билейтін қуатты идеологиялық құралға айналдырғаны, социалистік реализмді жырлаған қаламгердің ажарылқап заманда өмір сүргені баршаға белгілі. Ал байлық пен табысты бірінші орынға қоятын капитализмге көшкелі жазушының да, кітаптың да күйі кетті. Содан шығар, бүгінгі күннің кейіпкерін суреттеген дүние ілуде бір.

О.Сүлейменов осы аптада елімізде өткен Азия елдері қаламгерлерінің форумында белорус елінде шығатын бір журналды сатып алғанын тілге тиек етті. Мұқабасында «Елде ақылды адамдарға деген сұраныс жоқтың қасы. Туа біткен боркемік, ойланбайтын орындаушылар сұраныс артып барады» — деген жазу бар екен. Ақынның ойынша, тәрбиелі адамдардың қатарын көбейту көкейкесті міндет болып тұр. Әйтпесе, бізде білімділерді тәрбиелеп жатыр. Ақылдыларды емес. Тек кітап оқу ғана ақыл мен парасаттың бұлағы болып табылады.

Журнал демекші, бірер жыл бұрын Минскіде болғанда белорустардың мерзімді басылымдардан қол үзбегенін, қайта көп оқитынын көргенбіз. Ал бізде осыдан 7-8 жылдай бұрын газеттерді интернетке көшіруге әрекет жасалды. Соның нәтижесінде кітаптың жүгін аркалаған біраз басылым жабылып тынды. Тек бертін келе мемлекетшіл тұлға Дәурен Абаевтың осы салаға келуімен ақпараттық кеңістікте оң өзгерістер пайда бола бастады. Дегенмен түбегейлі бетбұрыс үшін әлі көп нәрсе жасау қажет. Әзірге митингке шығып жүрген жігіттердің, алаяқ қыз-келіншектерге алданғандардың, соқыр сенімнің жетегімен соғысқа аттанғандар үшін білім мен тәрбие көзі ешқандай дәлел мен дәйекті қажет етпейтін, қысын мен қағидаға бағынбайтын әлеуметтік желі болып тұр.

Талап ТІЛЕГЕН

Бердібек САПАРБАЕВ,

Премьер-Министрдің орынбасары:

«Зейнетақы қорындағы ақшаны берген кезде, адамның жасы мен жинаған сомасына қараймыз. Шоттағы ақша өмірінің соңына дейін жете ме, оған да мән беру керек. Сондықтан қазір біз бұл бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Тиісті есептеулер жүргізу керек».



1+2



Ерлан БУРАБАЕВ,
қаржыгерлер қауымдастығының атқарушы директоры:

«Зейнетақы қорындағы жинақты үй алуға, білім алуға пайдалану үшін алдымен қордың мүмкіндігі ескерілуі керек. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының басты міндеті — зейнеткерлік демалысқа шығатын адамды болашақта қаржымен қамтамасыз ету. Ал баспана алу мен білімге жұмсау басқа бағыт. Мемлекетте баспана мен білім алуға арналған бағдарламалар жұмыс істеп тұр».

Келте қулық

Бір аптада. Үш әйел. Үш алаяқтық дерегі. Әйел заты алдау мен арбауға жүгініп, ақша табудың оңай жолын іздеп кетті. Күнделікті дағдымен жұмыстан шығып, қоғамдық көлікке отырдым. Қыркүйек басталғалы бері автобус іші де адамға лық толы. Маған тесіле қарап тұрған таныс адамды байқап қалдым. Сөйтсем, бұрын «Шаңырақ» ықшамауданында көрші тұрған Кенже деген апай екен. Ол кісіні жақында Саялыдан үш бөлмелі пәтер алғанын естігенмін.

— Қоныс құтты болсын! Жаңа пәтерге көшіп алдыңыздар ма? — дедім өңімеге тартып. — Ой, әйтеуір 10 жылда әрең жеттік қой. Оның арасында алаяқтарға қанша аландық. Әр нәрсе өз кезегімен екен ғой, — деп жымиды. — Алаяқтар дейсіз бе? Сонда қалай? — дедім танырқай. Бір жағы жол қысқарсын деген ой. — Әй, ондайларды талай естіген шығарсың. «Пәтер кезегін жылжытып беремін», «пайыздық үстемесін азайтып беремін» деген алаяқтарға талай адам алданып жүрген жоқ па. Танқалатын дүние емес ол. Бекер сенген екенмін. Біріне 500 мың, біріне 200 мың тенге бердім өз қолыммен. Осыдан 10 жыл бұрын әпкем бой бермей Алатау ауданына көпбалалы ана ретінде кезекке тұрғызып, құжаттарымды өткізіп берген. Ол кезде кезегім 12 мыңыншы болған. Кезегімнің келуі екі

АНА ЖЕРДЕ ӘЙЕЛ ТҰР...

талай ғой деп сенбей жүргенмін. Кейін халыққа қызмет көрсету орталығына барып, кезегімнің алға қанша жылжығанын біліп жүрдім. Ал биыл жыл басында өздері хабарласып жеңілдікпен үйге ие болғанымды жеткізді. — Ал алаяқтарға қалай алданып жүрісіз? — дедім, әуелдегі әңгімені білгім келіп. — Күндердің-күнінде бір әйел хабарласты. Өзін әлгі «халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерімін, нөміріңізді базадан алдым» деп таныстырды. Кезекте тұр екенсіз. Тезірек алға жылжытып бере аламын деп қоймады. Жолдасым екеуміз жиған-тергенімізді беріп, шығарып салдық. Содан қайтып әлгі әйелді таба алмай қалдық, — деп күрсінді. — Қап-әй, ә! — дедім мен де. — Ол аз болғандай, тағы бір әйелге де 200 мың тенге бердік. Ол да орнын сипатып кетті. Содан қайтып ешкімге сенбейтін болдық. Бұйырғаны болар деп жүре бердік. Ақшамызды қайтарып алудың жолын іздемедік те, сотқа барып жүруге уақыт та жоқ. Жолдасым екеуміз бес баланы қалай жеткіземіз деп күндіз-түні жұмыс істедік. Он жыл аттай шауып өте шықты, кезегіміз келіп баспаналы болдық, — деп сөзін аяқтады. Межелі жерге



жетіпті. Автобустан менімен тез қоштасты да түсіп қалды. Қазір әйел адам алаяқтық жасады, қылмысқа барды десе, ешкім селк етпейтін болды. Ондайларға танқалмайтын болдық. Өйткені әртүрлі қитұрқы қылмыс жасаудан нәзік жандылар да ерлерден қалысар емес. Ел ішіндегі ең өзекті мәселенің бірі — баспана алу. Қарапайым жұрт тиын-тебенін депозитке жинап, болмаса әртүрлі мемлекеттік бағдарламаларға жүгініп, баспана мәселесін шешудің жолын іздеп жүр. Ал осы сәтті тиімді пайдаланып, азаматтардың «үй аламын» деген үмітін одан сайын үдетіп, екі арада табыс тауып жүрген алаяқтар мен делдалдар қаптап кетті. Кенже апай айтқандай, мұндай алаяқтық әрекет осыдан 5-6 жыл бұрын басталып, биыл, тіпті өрши түскендей.

1. Жуырда ғана Алматы қаласының біраз тұрғынын әуреге салған алаяқ әйел ұсталды. Ол пәтерге мұқтаж жандарға «мемлекеттік бағдарлама бойынша кезексіз баспана әперемін» деп түн ұйқысынан



айырған. Әккі әйел біраз жұрттың сеніміне кіріп, ірі көлемде қаржы алып отырыпты. Бостандық ауданында 2015 жылдан бері біраз азаматты зар жылатқан көрінеді. Әлгі әйелдің жоспарлы әрекеті туралы БАҚ өкілдеріне Бостандық аудандық полиция басқармасының бастығы Дәурен Өтебаев айтып берді. Ол: «Күдікті Алматы қалалық тұрғын үй инспекциясы мен азаматтар арасында делдал болған. Тұрғындардың сеніміне кіріп, азаматтарға мемлекеттік бағдарлама бойынша үй алып беруге қол созбақ болып, олардың қомақты қаржысын иемденген», — деп. Күдікті 1986 жылы туған. Ол жалған құжат арқылы қалалық және аудандық әкімдікке кіріп, сол жерде баспана мәселесімен жүрген адамдарды сөзге тартып, үй алып беруге көмектеспекші

ТАҚЫРПҚА ОРАЙ
Ернар ҚАСЫМБЕКОВ,
Алмалы аудандық сотының судьясы:

«Сот тәжірибесінде алаяқтық фактісі жиі кездеседі. Соңғы жылдары жиілей түскендігі де жасырын емес. Бізге келетін істің 3/1 алаяқтық фактісі. Алаяқтықтың міндетті белгісі күдіктінің пайдәкүнемдік мақсатының болуы, яғни бөтен мүлікті өзінің меншігіне, пайдасына не басқа адамдардың пайдасына айналдыруға ұмтылуы».



болады екен. Тұрғындарға қолындағы жалған құжатын көрсетіп, таныстары арқылы үй мәселесін екі-үш күнде шешуге уәде береді. Ал өз қызметі үшін қомақты қаражат сұраған.

МАМАН ПІКІРІ

Светлана ҚУАНЫШ,
психолог:

«Қазіргі таңда алдап-арбаумен, алаяқтықпен жасалатын қылмыстың көбейгені рас. Алаяқты еркек немесе әйел деп бөлмейміз. Дегенмен, бұл қылмысқа әйел заты неге көп барады? Олардың басты ұстанымы – ақша табу. Яғни қаржыны жеңіл жолмен тапқысы келеді».

Әйел адам болған соң оның сөзіне сенгендер қолдарындағы бар ақшасын ұстата салыпты. Бүгінде әлгі күдікті азаматтардың

50 млн теңгесін алдап алып, тақырға отырғызды. Қазір ол Алматы қалалық полиция департаментінде уақытша қамауда отыр. Қылмыстық кодекстің 190-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу жүріп жатыр.



2. Алматылық бикештің ісі тергеліп жатқанда Нұр-Сұлтан қаласында алаяқтық жасаған әйелге үкім шықты. Елордалық ару да сырғтай сыпайы көрінгенімен, әрекеті шеберлікке толы. Ол да тұрғындарға мемлекеттік бағдарламамен үй алып бермекші болып, бәрін сазға отырғызған. Бұл туралы бізге Нұр-Сұлтан қалалық сотының баспасөз қызметі мәлімдеді. Әккі әйел өз таныстары арасында баспананы арзанға алып беруге, мемлекеттік бағдарлама бойынша үй кезегін алға жылжытуға «көпілдік» беріп отырған. Осы жылдың маусым айында тағы бір жәбірленуші әлгі келіншекпен танысып қалады. Оны күдікті әйел мемлекеттік бағдарламамен үй алуға көндірген. Осылайша, баспанаға мұқтаж жаннан 4 млн 800 мың теңге алған. Өздерінің алданғанын түсінген тұрғындар әлгі әйелдің үстінен шағымданыпты. Ізі суымай құрықталды. Сөйтіп, Нұр-Сұлтандағы №2 Алматы аудандық соты алаяқты 6 жыл 8 ай бас бостандығынан айыру жазасына кесті.

Осыған ұқсас оқиға көп. Әсіресе қылмыстық әрекетке баратындардың дені — нәзік жандылар. Ғаламторға «алаық әйел» деп жазып қалсаңыз, еліміздің әр аймағында болған әртүрлі қылмыстарға куә боласыз. Алматы, Шымкент, Тараз, Актау, Атырау деп жалғаса береді. Барлығы бір-біріне өте ұқсас оқиғалар. Айырмасы — әр қалада болған.

Бірі — туысының ақшасын қолды етсе, енді бірі — өкімдік қызметкері ретінде танысып, қарт адамдардың жиған-тергенін жымқырған. Сондай-ақ қаржылай пирамида құрып, адамды сан соқтыратын да әйелдерге айналып баралы. 3. Алаяқтық демекші, жуырда осыған қатысты баб бойынша жазға тартылған қарағандылық әйелге үкім шықты. time.kz жазғандай, өккі әйел өзінің қызмет бабын пайдаланып, атаулы әлеуметтік көмекке бөлінген қаржыны қалтасына басқан. 46 жастағы Жадыра Смағұлова қаладағы жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде 1995 жылдан бері қызмет етеді. Өте жауапты маманның былтыр қызметі өсіп, атаулы әлеуметтік көмекті төлеу секторының бас маманы болады. Оның құзырына атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау бойынша бақылау кіреді. Барлық құжат Жадыраның қолынан өтеді. Осы мүмкіндікті сәтті пайдаланған Жадыра атаулы көмекті тағайындап, тек төлем жасайтын адамның орнына өзінің есепшотын көрсеткен. Осылайша 23 отбасыға бөлінген атаулы әлеуметтік көмек Жадыраның қалтасына түсіп тұрған. Оның жалпы сомасы 1,3 миллион тенге. Қарағанды қаласындағы Қазыбек би аудандық соты Жадыра Смағұлованы кінәлі деп танып, оны 3 жылға бас бостандығынан айырды. Үкім тек Жадыраның қызы 14 жасқа толғанда ғана күшіне енеді.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

QOƓAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Сөз-Жебе

Дархан МЫҢБАЙ,
Мәжіліс депутаты:



«Елімізде әуе және теміржол билеттерінің бағалары жасанды түрде жоғары болып тұрғаны туралы көп айтылды, көп жазылды, халық осы мәселені шешудің батыл бір шараларын күтуде. Бұл әсіресе шұғыл қызметі қоғамға қажет адамдардың қалтасын қағуда. Оқиға орнына тез арада жете алмауына байланысты журналистер белгілі бір оқиғаларды, кейде төтенше жағдайларды уақтылы хабарлай алмай жүр. Олар билетті сапарға шығатын күні шұғыл алуға мәжбүр, өйткені билетті алдын ала сатып ала алмайды. Үкімет бұл мәселені қарастыру кезінде тікелей функционалдық міндеттерін тез және уақтылы орындауы тиіс БАҚ өкілдеріне қамқорлық жасауы керек».

Сұхбат

Жомбыл облысында мемлекеттік тілді үйренуге зор көңіл бөлінген. Әсіресе облыс орталығында игілікті жұмыстар қолға алынып, жұртшылық қазақ тілін жаппай оқып-үйреніп жатыр. Біз осы орайда, Тараз қаласындағы өзбек этномәдени орталығының төрағасы Абдурахман Зайнутдиновпен сұхбаттасқан едік.

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛМЕН МАҚТАНУЫМЫЗ КЕРЕК»

Jas qazaq: Абдурахман Юлдашулы, сіздің қазақ тілін ана тіліңіздей меңгергеніңізді жұрт мақтан етеді. Өзгелер де өзіңіздей болса дейміз. Осы орайда облыстағы мемлекеттік тіл саясаты аясындағы жұмыстар көңіліңізден шыға ма?

Абдурахман Зайнутдинов: Бір шаңырақ астында күн кешіп жатқаннан кейін әрбір ұлт пен ұлыс өкілдері қазақ тілін білуі міндетті деп есептеймін. Себебі Тәуелсіздік алған ширек ғасырдан астам уақыт дамудың түрлі деңгейінен өттік. Бұл кезеңде ұрпақ ауысты. Ендігі жерде барлығымыз тіліміз бен мәдениетімізге көңіл бөлуіміз қажет. Жасыратыны жоқ, кеңес өкіметі кезінде орысша білім алып, сол тілде сөйледік, жаздық. Дегенмен өзіміздің ана тілімізді ұмытпадық. Сондай кезеңде ана тілімізді ұмытпаған біздер мына заманда тілімізді ұмытпаймыз. Өз кезегінде мемлекеттік тіл саясатының арқасында қазақ тілін үйренуіміз қажет-ақ. Бұл бағытта өңірде бірқатар жұмыстар жасалынып жатыр. Оған ассамблея мүшелері де тартылып, ұсыныс-пікірлеріміз әрдайым назарға алынып отырады. Сондықтан мен өңірдегі мемлекеттік тіл саясатының іске асырылуына толықтай көңілім толатынын айтқым келеді.

Жалпы, тіл дегеніміз — кез келген ұлттың байлығы, кастерлісі, құдыреттісі. Ал мұндай байлық — әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Сондықтан мемлекеттік тілден бөлек, өзіміздің тілімізді де еркін меңгеруімізге ешқандай кедергі жоқ. Сол себептен бір шаңырақ астында тіршілігін жасап жатқан ұлт өкілдері өз ана тілінен кейін қазақ тілін қоюы керек. Одан соң орыс және ағылшын тілдерін меңгере берсін. Бүгінгі қоғамға ол да қажет. **Jas qazaq:** Сіз басқаратын бірлестік бұл максатта қандай жұмыстар атқаруда? **Абдурахман Зайнутдинов:** Бүгінгі таңда басқа ұлт өкілдерін мемлекеттік тілде оқыту өзектілігін жоғалтқан жоқ. Әр мәдениетті азамат үшін өз Отанын, өскен өлкесін, оның тарихын, мәдениетін, тілін білу парыз. Халықтың тарихын, мәдениетін, тілін, рухани байлығын білу — адамда халыққа деген құрмет сезімін оятады. Бұл тұрғыда этномәдени бірлестік мүшелерін ассамблея хатшылығы арқылы әр үш ай сайын оқуға жіберіп тұрамыз. Оған қазақ тілін үйренгісі келетін әрбір мүшеміз баруына мүмкіндік мол. Адам санына шектеу жоқ. Осылай мемлекеттік тілді оқыту — бүгінгі қоғамға қажетті дүние. Қазіргі таңда өзбек этномәдени орталығының мүшелерінің көпшілігі қазақ тілінде еркін сөйлейді. Бұл да сол оқудың бір жемісі.

Қызықстан қызықтары

«Болар бала 15 жаста баспын дейді, болмас бала 30 жаста баспын дейді». Халқымыздың аталы сөзінің бірі. Алайда бүгінгідей аласапыран уақытта орда бұзар жастағылар да баланың тірлігін жасаудан ұялмайтын болған. Ал алпысқа аяқ басқан өскемендік азаматтың тірлігі, тіпті түсініксіз.

Шығыс Қазақстан облысы полиция департаментінің хабарлауынша, таяуда тосын оқиға болған. Анасының қолында тұратын ер адам өз үйінен төсеніш астындағы 640 мың теңге мен 300 АҚШ

Jas qazaq: Аймақта қазақ тілінің аясын кенейтіп, оны түсіндіру мақсатында «Мәміле» атты клуб құрылған болатын. Аталған клуб туралы пікіріңіз қандай? **Абдурахман Зайнутдинов:** Қазақта «жеті атасын білмеген жетесіз» деген керемет сөз бар. Атасының ғана емес, әулетінің шежіресіне қанығып өскен баланың ата тегін қалір тұтатыны белгілі. Ашығын айтар болсам, әлемде ешбір ұлт «тегіне» мән бермейді. Бұл тұрғыда қазақ халқы өзінің шыққан тегін ұрпағының санасына сіңіріп, жеті атасын жаттатады. Өз кезегінде бұл дегеніміз — қанның тазалығы мен



ұрпағынның денсаулығы жеті атасын білумен ғана шектелмейтіні шыныдық. Оны білу де ұлы істің айғағы. Ата тегін білген ер жігіт өзінің тегіне, болашағына аса бір құрметпен қарайды. Өйткені, тектілік сезімнен де биік тұратын құндылық болса керек. Біз өзге ұлт өкілдері «Мәміле» клубының жүргізіп жатқан сабақтары арқылы осыны үйрендік. Бұл бір ғана мысал. Сонымен қатар біз біле бермейтін дәстүрлеріне қанықтық. Осы орайда, аталған клубтың жұмысы тоқтап қалмаса екен тілегім бар. Себебі біздің балаларымыз, ұрпағымыз қазақ халқының тілін меңгере отырып, дәстүрін де білуі қажет. Сондықтан «Мәміленің» жұмысын алдағы уақытта жаңғырта отырып, жандандыра беруіміз керек.

Jas qazaq: Алдағы уақытта латын әліпбиіне көшеміз деп жатырмыз. Бұл туралы өзге ұлт өкілдерінің ой қандай? **Абдурахман Зайнутдинов:** Негізінен, біз мұсылман мемлекетіміз. Ата-бабаларымыз араб тілін үйреніп, солардың әліпбиінде жазғандығы белгілі. 1930 жылдарға дейін осы әліпбиде жазды ғой. Содан кейін латын әліпбиінде оқыдық. Сосын кириллицаға өттік. Дегенмен, мен латын әліпбиіне көшуді Елбасы Н.Назарбаевтың ұтымды ойы санаймын. Расында, қазіргі таңда барлық сала осы латын қарпіінде жазылады. Бұл өз кезегінде біздің әлем өркениетінен қалмай, дамуымызға септігін тигізеді. Ашығын айтқанда, қазір әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдері латын әліпбиін қолданады. Латын әріптері — өркениет жазуы, өмір талабы, сондықтан, оның бұл артықшылығын ескеріп, біз де өз мақсатымызға сай латын жазуының игілігін көруіміз қажет.

Сұхбаттасқан Шынболат СЕЙДУӘЛИЕВ,
Жамбыл облысы бойынша меншікті тілші

ҰРЫ АЛЫСТАН КЕЛМЕПТІ

«Болар бала 15 жаста баспын дейді, болмас бала 30 жаста баспын дейді». Халқымыздың аталы сөзінің бірі. Алайда бүгінгідей аласапыран уақытта орда бұзар жастағылар да баланың тірлігін жасаудан ұялмайтын болған. Ал алпысқа аяқ басқан өскемендік азаматтың тірлігі, тіпті түсініксіз.

Шығыс Қазақстан облысы полиция департаментінің хабарлауынша, таяуда тосын оқиға болған. Анасының қолында тұратын ер адам өз үйінен төсеніш астындағы 640 мың теңге мен 300 АҚШ



долларын ұрлап кеткен. Ойламаған жерден анасын сан соқтырған ұры алыстан келмепті. Суыққолды сұғанақ үйден ұсталды. Ол анасының алдында кінәсін мойындап, тәртіп сақшыларына түсініктеме берді.

Жолсапар

Таңғы алаң-елең шақ. Қарашүңгілді іздеп келеміз. Жер өндімейді.

Көлік те бауыры жазылмаған аттай кібірттейді. Шаңы борпылдаған, ойлы-шұңқыр кара жол. Алдымызда бозан дала, боз жусан. Біріне жетсең, бірі алыстан қол бұлғайды. Көлік тізгінінде — орта жастан асқан жігіт ағасы. Сұрақты соған менеп қойдым:

— Қарашүңгіл деген не? Ауыл сіздікі, таныстыра отырыңыз. Жол қысқарсын!

— Біздің батыста жер-су атауларының бәрі аңыз-әңгімеге құрылады. Қарашүңгіл — бір қыз бен бір жігіттің атына қойылыпты, — деп әңгімесін арыдан бастады жүргізуші.

— Олар қосылған ба, әлде қосыла алмаған соң, осылай аталған ба?

— Кара деген жігіт екен. Шүңгіл ғашық болған қызының аты деген аңыз бар. Олардың қосылған-қосылмағаны туралы ешкім білмейді. Бірақ жер атауы сол екі ғашықтың құрметіне қойылыпты.

— Онда ауыл бар ма, жоқ елсіз иен дала ма?

— Бұрын жұрт мал қыстатайтын жұрт болыпты. Қазір ата-бабаларымыздың зираты ғана жатыр. Сосын қазақ мұнайының алғашқы бұлағы сол жерде.

— Ол жағын білеміз ғой. Алғашқы бұлақты көреміз деп сонау Алматыдан



шақырым қашықтағы өндіріс алаңында болғанбыз. Енді журналистерді мұнайлы мекенге әкелудегі мақсат — өндірісті өз көзімен көріп, кара алтынның қайдан, қалай пайда болатынын тамашаласын десе керек. Әдетте қағаз бен қаламды серік еткен тілшілерге кара жердің тамырын қуалап, бұлақ боп ағатын кара алтынның құпиясы қызық болғаны анық. «Ембімұнайгаз» компаниясының басшысы журналистермен кездесуде сұрақтарға әр қырынан жауап берді. Әркім өзін толғандырып жүрген

Түскі асты кара алтын қазып жүрген мұнайшы жігіттермен бірге іштік. Осы сапардағы бізге ең тансық болған дүние — жер астындағы мұнайдың жер бетіне шыққанын көзбен көру, кара майдың бұлақша аққанын тамашалау еді. Сол мақсатымыз да орындалуға жақын. Әнсе, анау қыр астында қоқиқаздың басындай болып

ЖЕР МАЙ ІЗДЕП КЕЛЕМІЗ...

қу даладағы кара майдың тұмадай көзін іздеп келе жатқан жоқпыз ба? — дедім, сортаң даладан көз алмай.

Екі күннен бері Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласынан жиналған журналист-блогерлердің бар мақсаты — сол қазақ мұнайының алғашқы бұлағын көру болатын. Журналистік сапарды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жұртшылықпен байланыс департаменті ұйымдастырды. Бұған дейін кара алтынның алғашқы бұрқағы — Доссор деп еститінбіз. Сөйтсек,



Серік САҒЫМБЕКОВ, өндірісті автоматтандыру департаменті директорының орынбасары

Доссордан бұрын Қарашүңгілден кара май шығыпты. 1899 жылы Қарашүңгілден тұңғыш рет мұнай алған. Биыл сол тарихи күнге түп-тура 120 жыл толып отыр. Мерейтой. Ал Доссордан 1911 жылы кара майдың бұрқағы атқылаған.

Қарашүңгіл бұрын теңіз қолтығындағы мүйіс болыпты. Қазір теңіз қашып, адам аяғы жетпейтін елсіз далаға айналған. Тан құлан мектеніп атқанда жолға шыққан тілшілердің көлігі күн арқан бойы көтерілгенде ғана межелі жерге тұмсық тіреді. «Қазақ мұнайының туған жері» деп жазылған бағана алыстан көзге шалынды. Оның арғы жағында кара тамшы бейнеленген мұнара, сахна жарқырап қарсы алды. Екі киіз үй тігіліпті.

Тамыздың соңғы күндері болғанымен мұнда суық жел үзілмейді екен. Жеңіл киініп шыққан журналистерге жел де, мына қытымыр табиғат та қырын қарағандай. Жел бір жағынан мазаласа, құм-топырақ аузы-мұрныңызға кіріп тынышыңызды алады.

Қазақ мұнайының 120 жылдығына орай тұрғызылған мұнара бұдан бірнеше жыл бұрын ашылған. Бүгінгі шараға орай мұнара мен сахна қайта жөндеуден өткізіліпті. Беташар сөзінде «Ембімұнайгаз» АҚ басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков қазақ мұнайының тарихына тоқталып, компанияның жұмысы туралы баяндалды. Сонымен бірге ардагер мұнайшыларға алғыс айтып, атадан балаға мирас болған. 120 жылдық тарихы бар қазақ мұнайының бүгінгі жас жұмысшыларына табыс тіледі.

Айтпақшы, Қарашүңгілге табан тірегенге дейін, біз «Ембімұнайгаз» компаниясының Атыраудағы бас кеңсесінде болып, онда қазақ мұнайына арналған музеймен танысқанбыз. Екінші күні Құлсары қаласынан 160

Еламан ЕМАҢБАЕВ, данекерлеуші

сауалын қойып жатты. Бас кеңседе болған кездесуде мұнай сорғыларының орнын қалай жабу керек және оның экологияға әкелетін зияны туралы әңгіме өрбіді. Мұнайшылардың әңгімесінен түсінгеніміз — мұнай сорған құдықтың аузын бетондап тастайды екен.



Ғани ҚАЗЫМОВ, оператор



Сәкен СЕЙІТКАЛИЕВ, оператор

Әйтпесе, қалдық кара май жер бетіне шығып немесе теңіз суына қосылып, қоршаған ортаға зиян келтіреді. Алайда «Ембімұнайгаз» компаниясының меншігінде ондай қалдық мұнайдың бітелген көзі көп емес екен. Одан бөлек, өндіріс орындарында ауаға жанып тұратын газдың да мәселесі сөз болды. Мұнайшы мамандардың сөзінен ұққанымыз — ауаға жандыратын газдың рұқсат етілген көлемі мен мөлшері болады. Одан артық жағылса, айыппұл салынады.

Құлсары қаласынан 160 шақырым қашықтағы «Ембімұнайгаз» компаниясының өндіріс алаңына сапарымыздың екінші күні түс кезінде жеттік. Бізді қарапайым мұнайшылар жататын жатақханаға орналастырды.

құдықтан күндіз-түні мұнай бұлағы ағады. Бұрынғы технология бойынша кара алтынды жер астынан тік қазып алған. Қазіргі технология бойынша, бұрғылар көлденең бағытта қаза береді. Мұның өнімділігі бұрынғысынан әлдеқайда көп көрінеді.

УАЗ өндіріс алаңына жақын орналасқан мұнай айыру орталығына соқтық. Алып құбырлар, биік крандар, мұнай бөшкелері жарқырап тұр. Бұл жерде құбырмен келген кара майды алдымен суынан, одан кейін газынан, сонында тұзынан айырады. Бұл да үлкен жұмыс. Жұмыстың тәртібін, талабын білмесең, қателесуге мүлде болмайды. Бұл орталықта осы жұмыс ғана атқарылады. Одан кейін газды өңдейтін өндіріс орталығына ат басын бұрдық. Бұл да сырттай қарағанда үлкен зауыт сияқты. Мұнда жер астынан шыққан газды үшке бөледі. Жарамдысын бір бөлек, жарамсызын бір бөлек. Қауіпті жұмыс.

Күкірт түйіршіктері де осы орталықта бөлінеді. Күніне екі тонна күкірт түйіршігі алынады. Оны шетелге сатады. Бұл жерде де талап пен тәртіп қатан. Тіпті телеарнаның журналистеріне видеокамераның жарығын өшіріп түсіруге ғана рұқсат берілді. Иненін жасуындай жарықтан шыққан сәуленің өзі қауіпті. Қош, сонымен үш күнге жоспарланған сапарымыз аяқталды. Атырауға ат басын тіреген алғашқы күні сондағы мұнайшылардың бірі айтқан әңгіме көкейде әлі тұр. Қарашүңгілден мұнай бұрғылауға келген ағылшындар мұнай сорғыш крандары мен құбырларын құрып ертесіне келсе, кара алтын қазып қарық боламыз дегендердің әлгі темір қондырғылары жерге батып кетіпті. Ұшы ғана қылтып қалған дейді. Сөйтіп, мұнай ала алмаған. Сол мұнай сорғы батқан жерден күні бүгінге дейін кара май ағып жатады дейді. Бірақ біз кара алтынның алғашқы бұлағын таба алмадық. Қайтар жолда маң-маң басқан түйелердің көшін кездестіріп қалдық. Көлік тізгінінде отырған көкеміз «Жарықтық, ойсылқара тұқымынан асыл құлық жок қой біз үшін», — деп, шудасы жер сызған түйелердің арасынан көлігін баяу айлады.

— Here? — дедім. — Бұрын мұнайды теңізге, кемеге дейін түйелермен тасыған. Сорғыны да түйемен тартқан. Бұл жануарлардың мұнайшыларға еткен еңбегі көп, — деп сөзін түйіндеді.

Алдымызда мұнар-мұнар ұзақ жол жатыр. Ол бір ғасырдан астам уақыт бойы кара алтын қазған мұнайшылар салған сұрлеу.

Жарас КЕМЕЛЖАН, Алматы — Атырау — Алматы

Белес

Елімізде туризмді дамытудың жаңа бағдарламасы әзірленіп, қабылданды. Онда отандық туризмді алты кластер бойынша дамыту жоспарланған. Соның бірі – Түркістан облысы немесе «Жібек жолын жандандыру». Бағдарлама аясында аймақта нақты қандай нысандарды дамыту көзделген? Жібек жолы бойындағы қалалар «тіріле ме», әлде сол бұрынғыша облыс туризмі мавзолейлердің айналасында дами ма? Біз осы сауалдарға жауап іздеп көрдік.

ТУРИЗМ ҚАНТАМЫРЫ

Түркістан облыстық туризм және сыртқы байланыстар басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы Жасұлан Төлебеков: «Туризм тек мавзолей төңірегінде ғана дамымайды. Жұмыс ауқымды. Атап айтқанда, Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының аясында туризм туралы тұжырымдама қайта өзектендіріліп, әзірленді. Тұжырымдамаға Түркістан облысы «Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту кластері» енгізіліп, Шымкент қаласы кластердің орталығы ретінде айқындалып отыр», — деп түсіндірді.

Басқарма берген статистикалық мәліметке сәйкес, 2019 жылдың 1 тоқсанында орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер саны 27 659 адамды құрап, 2018 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 111% артып отыр. Оның ішінде алыс-жақын шетелден келетін саяхатшылар туризм бойынша 153% артып, жалпы 1417 адамға жеткен. Былтыр бұл сан 928 адаммен шектелген. Ал ішкі туризм бойынша 109,5% артып, 26 242 адамға жетті. Өткен жылы 23 948 саяхатшы келген.

Өңірде туризмді дамыту бойынша биылғы жылғы атқарылған жұмыстар қомақты. Мәселен, 25 ақпан — 1 наурыз аралығында облысының туризм мүмкіндіктерін таныстыру мақсатында Индонезия және Малайзия елдеріне роуд-шоу ұйымдастырылды. Нәтижесінде, Куала-Лумпур қаласында 105 туристік компаниясымен, Индонезия елінің 40 туристік компаниясымен түркістандық туристік бизнес өкілдері өзара келіссөздер жүргізді.

Роуд-шоу нәтижесінде 30 сәуір мен 1 мамыр аралығында «SkyWay» туристік операторымен бірлесе отырып, Малайзияның 12 туристік компаниясына облысы бойынша

әлеуеті бойынша бейне түсірілім жүргізді.

«ҚАСҚАСУ» ТАУ-ШАҢҒЫ БАЗАСЫ

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2024 жылға дейінгі кешенді жоспарында Төле би ауданында «Қасқасу туристік-рекреациялық кешенінің» таулы инфрақұрылымын 2020-2021 жылдары жүргізу енгізілді. Сондай-ақ 13 шілдеде Төле би ауданы Қасқасу елді мекенінде «Қасқасу» тау-шаңғы курортын дамыту бойынша халықаралық сарапшылардың қатысуымен басқосу өтті. Іс-шараға мемлекеттік органдар, Dianeige France, STEM International France, MND Group France сияқты халықаралық компаниялардың сарапшылары, Ресей және еліміздің халықаралық шаңғы федерациясының инспекторлары және казакстандық компаниялар «Гео дата плюс» ЖШС және «ASP Project company» ЖШС қатысты. Жиынға қатысқан барлық компаниялардың тау-шаңғы курортын құру және дамыту бойынша үлкен тәжірибесі бар. Іс-шараның басты мақсаты — жобаны халықаралық сарапшылармен алдын ала талқылау және ұсыныс пікір алу.

Жалпы курорт аумағы 2 негізгі аймаққа бөлінген. Жобаны іске асырудың бірінші кезеңінде келушілер саны 110 мыңнан 140 мың адамға дейін жетеді деп жоспарланған. Құрылыс жұмыстары кезінде 1900 адамға, жоба іске қосылғаннан кейін 400 тұрақты жұмыс орны ашылады.

ТУРИЗМ ТІРЕГІ – САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ

Туристерге қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында туристік бизнес өкілдеріне, қонақүй



ақпараттық тур ұйымдастырылды. Ішкі туризмді дамыту мақсатында, жергілікті туристік компанияларға 18 наурызда Кентау қаласы мен «Қаратау» қорығына ақпараттық тур ұйымдастырылды. Емдік-сауықтыру туризмін дамыту бойынша 21 мамыр күні «Kazakh Tourism» ҰК бірлесе отырып, Батыс Қазақстан облысының туристік бизнес өкілдері мен блогерлеріне Сарыағаш ауданындағы емдік-сауықтыру орындарына ақпараттық тур ұйымдастырылды. Сәуірдің 17-19 аралығында «KITF-2019» қазақстандық халықаралық туристік көрмесіне 30 туристік компаниядан тұратын облыс делегациясы қатысты. Арнайы стенд орнатылып, өңірдің туристік әлеуетін таныстыру жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге сәуірдің 26-да «Nomad Exploret» ұйымының басшылығымен өткізілген «Оңтүстік аңыздары» экспедициясы аясында «Халықтар достығы асханасы» көрмесі мен колөнершілер жәрмеңкесі жұртшылыққа ұнады. «Оңтүстік аңыздары» экспедициясына отандық және шетелдік туристерді қоса алғанда, 100-ге жуық турист аймақтағы туристік нысандарына саяхаттан жалғастырды. Ал 26 маусым күні, Сайрам-Өгем мемлекеттік паркінде орналасқан «ЕсоСамр» лагерін жарнамалау және лагердің өзіндік бағдарламасымен таныстыру мақсатында, туруоператор, блогер және БАҚ өкілдеріне 1 күндік ақпараттық тур өткізілді. Тур барысында «ЕсоСамр» лагері мен туристік компаниялар облыс бойынша ұсынылатын «туристік пакеттерге» лагерь қызметін қосу бойынша келісімге келді.

Бұдан басқа, еліміздің шетелдегі елшіліктерінің шақыруы бойынша Румынияның «Travelmix», Польшаның «Food Network» телеарналары өңірдің туристік

қызметкерлеріне тұрақты түрде оқыту семинарлары өткізілуде. Биыл 19 ақпанда мейрамхана, тамақтандыру және қонақүйлерге «Қазақтың ұлттық таңғы ас мәзірін» енгізу мақсатында ашық семинар өткізілді. Семинар барысында қазақтың 20-ға жуық ас мәзірі таныстырылды. Сондай-ақ 21-22 ақпан күндері жыл сайынғы Бүкіләлемдік гитлер және экскурсоводтар күнін қарсы алу аясында Ташкент қаласында «Жібек жолы: шекарасыз ынтымақтастық» 3- халықаралық гитлер форумына Түркістан облысының гит — экскурсоводтары қатысып қайтты. Бұдан бөлек, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Гид-волонтер» жобасы жүзеге асырылды. Жоба шеңберінде туризм, екі шетел тілі, тарих және халықаралық қатынастар мамандығында оқитын жоғары оқу орындары студенттеріне облыстың 21 туристік маршруты бойынша таныстыру курстары өткізілді.

Қонақүй қызметкерлерінің және басқарушы менеджерлерінің біліктілік талаптарын көтеру мақсатында 1-6 сәуір аралығында оқыту семинары өткізілді. Оған 20 адам қатысты. Сондай-ақ 5-6 сәуір аралығында қонақжай талаптары бойынша такси, мұражай қызметкерлеріне, экскурсовод, полиция қызметкерлеріне семинар-тренинг ұйымдастырылды. Оған 80 адам қатысып, тәжірибелерін жетілдірді. Сонымен қатар Түркістан облысының орталығы Түркістан қаласынан Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласына тікелей тұрақты автобус маршруттары ашылды. Шекараны өту рәсімдері жеңілдетіліп, келуші туристерге жағдай жасалды.

Мәриян АЙТБАЙ, Түркістан облысы бойынша меншікті тілші

Жұмыспен қамту

Елордадағы мемлекеттік мекемелердің арасында қызметі қауырт, тұрғындар үшін маңызы зор ұжымның бірі – жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы. Бұл мекеменің басты бағдары – азаматтарды тұрақты жұмысқа орналастыру, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың тиісті деңгейде жәрдем алуына жағдай жасау. Қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру, кедейлік,

жұмыссыздық деңгейін төмендету, еңбек заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру.

Басқарма қызметі мұнымен шектелмейді. Сондықтан біз оқырмандарды Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекеменің қызметімен кеңірек таныстырғанды жөн көрдік.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТЕН АЯНҒАН ЕМЕС

Бас қалада әлеуметтік көмек алатын отбасылардың қатары жыл санап артып келеді. Оған қала халқының сан жағынан артуы да үлкен себеп болып отыр. Мәселен, тұрғындар саны 1 миллионға 2023–2024 жылдары жетеді деген болжам бар еді. Алайда бұл көрсеткішке 2017 жылы жеттік.

Бүгінде ел астанасында 6 мыңға жуық отбасы атаулы әлеуметтік көмек алады. Бұл мемлекет тарапынан табысы төмен, көпбалалы, әлеуметтік ахуалы нашар және өзге де санаттағы отбасыларды, жекелеген азаматтарды қолдауға бағытталған шаралардың бірі. Бұдан бөлек, азаматтарға баспаналы болуға мүмкіндік беретін сертификат тапсырылып, еліміздің түрлі өңірінде жұмыс беріп әрі үйлі болуы үшін



басқармасының құрамындағы мекемелер карттарға, мүгедек балаларға арнайы әлеуметтік көмек көрсетуді назардан тыс қалдырған емес.

Сонымен қатар жақында әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан оқушылардың әрқайсысына мектепке қажетті киім-кешек алу үшін 30 мың теңгенін сертификаты тапсырылды. Мұндай көмекке 8 мыңға жуық бала ие болды. Осы мақсатқа қала әкімдігі 200 миллион теңгеден астам қаржы бөлді.

БАСПАНА МӘСЕЛЕСІ ДЕ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАДЫ

Бас қалада көпбалалы немесе әлеуметтік аз қамтылған отбасылар аз емес. Олардың әкімдікке де, жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасына қоятын өтінішінің бірі – баспана мәселесін шешіп беру. Дегенмен Нұр-Сұлтан қаласында үй алу үшін 47099 адам кезекте тұрғанын айта кеткен жөн. Оларды ысырып қойып, аталған санаттағы отбасыларға үй беру еш қисынға келмейді. Сол себепті, жыл басында Нұр-Сұлтан қаласы, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы әкімдіктері бірлесе отырып, арнайы келісімшарт жасасқан болатын. Келісім бойынша астанадағы жағдайы төмен отбасылар Екібастұз қаласына

қоныс аударды. Екібастұзда елордалықтарды пәтер, жалақысы 120 мың теңгеден кем болмайтын тұрақты жұмыс күтіп тұр. Сондай-ақ оларға қоғамдық көліктерде тегін жүру, мектепке қажетті киім-кешек алып беру секілді түрлі әлеуметтік көмек көрсетілді.

Қазір бұл процесс жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасының

ұйытқы болуымен жалғасуда. Мамыр айынан басталған игі бастама арқылы Екібастұзға 205 отбасы, яғни 1175 адам қоныс аударды. Әрине, Екібастұз әкімшілігінің де бұл орайда қойған талабы барын айта кетейік. Айталық мамандығы жоқ ол жақта да жетерлік. Сондықтан Нұр-Сұлтаннан көпбалалы отбасыларды көшірерде бірқатар мәселеге көбірек мән берілді. Мысалы, отбасында кемінде бір адам жұмысқа жарамды әрі қандай да бір оқу орнын бітірген, көпбалалы деген мәртебесі болуы тиіс. Ал егер дипломы бола тұра, өз саласында жұмыс істемеген болса, ол арнайы тәжірибеден өтіп барып, жұмысқа қабылданады. Қалай болғанда да, бұл астаналықтардың тұрмысын оналтуға бағытталған шара. Ең бастысы, Нұр-Сұлтан қалалық жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасының ұйытқы болуымен жүзеге асырылып жатқан бастамада Екібастұз шаһарында Елордадан қоныс аударатындар үшін 122 үш бөлмелі және 100 екі бөлмелі көпқабатты тұрғын үйлер салынған.

АДАЛ АҚША – АБЫРОЙ

Әрине, «мемлекет тарапынан тегін көмек көрсетіледі» деген соң табысын жасырып, өзгенің несібесін жырып қалуды көздеп жатқандар да ұшырасады. Сондықтан алаяқтық жолмен көмек алған отбасылар қаржыны кері қайтаратын болады. Әңгіме арасында бізге Сәуле Нұрғожина: «Қазіргі уақытта бізде 64 әлеуметтік қызметкер бар. Биылғы алты айда 74405 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Сондай-ақ биыл 156 тұрғынға әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Осы мақсатқа бюджеттен 16,4 миллиард теңге бөлінді. Ал табысын жасырып, әлеуметтік көмек алған отбасылар қайта тексеру жүргізу барысында анықталды. Алдағы уақытта мұндай әрекеті үшін өтінім берген адам да, жұмыс беруші де жауап береді. Мәселені әрбір отбасымен жеке талқылау

барысында қолға алмақпыз. Бастапқы уақытта алған жәрдемақыны қайтару керектігі туралы ескерту жасалады. Ал өз еріктерімен қайтармаса, соттын көмегіне жүгінеміз», – деді.

Басқарма қызметкерлері астаналық 1118 отбасы табысын жасырып қалғанын анықтаған. Бір айтарлығы, олардың теріс әрекеті уақытында анықталып, атаулы әлеуметтік көмек көрсетілмеген. Осындай заңсыздықтың алдын алу үшін өтініш берген отбасылардың табысы алдағы уақытта тексерілетін болады.

БАСҚАРМА БӨРІН ТҮСІНДІРЕДІ

Жоғарыда аталған көмектің түр-түрі көрсетілсе де әкімдікке шағымданып баратын жұрт туралы әлеуметтік желілерде жиі жарияланып жатады. Осы сауалымызды басқарма басшысына қойғанымызда, бұл мәселені былайша түсіндіріп берді. «Әкімдікке көбіне әйелдер барады. Араларында жиынды ұйымдастырушылар да бар. Бұл кісілер қала әкімінің, орынбасарларының қабылдауына бірнеше рет кірді. Оларға әлеуметтік көмек алудың жолы бастан-аяқ түсіндірілді. Араларында әлеуметтік көмек туралы ақпарат жеткіліксіз екенін айтқандар да ұшырасты. Біз бұл мәселені қалалық басылымдарға арнайы мақала жариялап, жұртшылыққа тегін тарату арқылы шештік. Бұдан бөлек, әлеуметтік көмек алу үшін де бірнеше талап қойылатынын ескерген жөн. Көпбалалы отбасылардың арасында мемлекеттік мекеме тарапынан көрсетіліп жатқан көмекке алғысын білдіріп жатқандар көп. Алайда, жеке басының проблемасын әкімдікке наразылық көрсету арқылы шешкісі келетіндер де кездеседі. Қазір мұндай 14–15 әйел бар. Олар өздері алған 15–20 миллион теңге несиелерін жабуды талап етеді. Кері жағдайда өздерінің чаттарында бар 200–300 әйелді көшеге шығарамыз деп қорқытады. Бұл қаншалықты орынды? Алмақтың да салмағы бар емес пе! Әкімдік те, біздің басқарма да оларға несие алуды міндеттеген жоқ қой», – дейді басқарма басшысы.

Сөз соңында айтарымыз, астана тұрғындары үшін маңызды зор мемлекеттік мекеменің қызметі жоғары бағаға лайық. Бүгінде жүргізіліп жатқан тиімді жұмыстардың нәтижесінде Нұр-Сұлтан қаласы жұмыссыздықтың ең төмен деңгейіне қол жеткізіп отыр. Жұмыссыздық деңгейі республикалық көрсеткіштен 0,3%-ға төмен. Бұдан бөлек, көпбалалы аналарды кәсіпкерлікке үйрету үшін де тегін курстар өткізіліп, қазіргі уақытта біраз адам өз ісін дөңгелетіп отыр. Басқарма тарапынан көрсетіліп отырған әлеуметтік көмектің түрі алдағы уақытта артады деген сенім бар.

Ғабиден ДОСЖАН, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша меншікті тілші

Құрмет



Елорда жергілікті тұрғындар мен қонақтар үшін жыл он екі ай қауіпсіз болуы тиіс. Осы мақсатта Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаменті қыруар жұмыс жүргізіп келеді. Халық сенімін жоғалтауды

басты парыз санаған тәртіп сақшылары өз қызметтерін адал атқаруда. Олардың арасында алғыс арқалап жүрген азаматтар жеткілікті. Солардың бірі – Алматы аудандық полиция басқармасының учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Қуаныш Бөкібаев.

Еліміз егемендігін алған жылы дүниеге келген Қуаныш Ержанұлы секілді Тәуелсіздік құрдастары қазақ полициясының абыройын қалтартпай, жолында еңбек етіп жүр. Біздің тәртіп сақшысымен әңгіміміз қауырт қызметтің қиындығы мен қызығы, жауапкершілігі төңірегінде өрбіді.

Жас qazaq: Соңғы уақытта полицияға деген сенім күшейді. Әсіресе Елордалағы қоғамдық тәртіптің нығаюы сөзімізге дәлел. Тәртіп сақшыларының өз ісіне тиянақтылығы, адалдығы өмірді өзгертуге септігін тигізгені анық. Әрі Елордала ел-жұрттын үмітін ақтау керемет емес пе?!

Қуаныш Бөкібаев: Иә, мен Нұр-Сұлтан қаласында елдің игілігі, тыныштығы жолында қызмет етіп жүргенімді әрдайым мақтан етемін. Әріптестерім де осындай ойда. Полиция бірінші кезекте адам өмірі мен денсаулығын, құқығын қорғайды, қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Өзімізні айналада қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін күн-түн демей жұмыс істейтін әріптестерім өте көп. Өркениетті елдерде халық полицейді өзінің қорғаушысы ретінде бағалайды. Біз де сондай деңгейге жету жолында жұмыс істеп жатырмыз. Шүкір, қазір біздің әріптестеріміз елге қызмет етудің ерекше өнегесін көрсете бастады.

Енді бұл салаға қалай келгенімді айтайын. Шынын айтсам, әу баста дәрігер болғым келетін. Уақыт өте келе, жоғары сыныпта «құқтану» деген пәнді оқылды. Осы пән маған қатты ұнады. Оның үстіне, екі әңкем осы салада қызметте болатын. Солардың жұмыс стиліне, жүріс-тұрысына, қыл аяғы киген формаларына дейін қызықтым. Бұрынғы ойымадан айнып, Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы мемлекеттік университеттің заң факультетіне оқуға түсіп, «қылмыстық істер зангері» мамандығын алдым.

Диплом алған соң астанаға келіп, полиция бөлімшелеріне түйіндемемді тапсырдым. Көп ұзамай Алматы аудандық полиция бөлімшесі қызметке шақырды. Содан бері бес жылдан астам уақыт өтті. Еш өкінбеймін. Полиция қатарында қызмет ету абыройлы іс екенін жақсы түсіндім.

Жас qazaq: Учаскелік полицейлер басқа әріптестеріне қарағанда халықпен тығыз жұмыс істейді. Үй-үйді аралап тіркеулерін тексереді, қоғамдық тәртіп бұзушылармен күреседі. Осындай жұмыстың қиындығы мен қызығы туралы не айтар едіңіз?

Қуаныш Бөкібаев: Біздің жұмысымыз бір күн ауыр, бір күн жеңіл өтеді. Бастысы, бір тыным көрмейміз, уақытпен санаспай жұмыс істейміз. Учаскелік полицейлердің әрқайсына бөлініп берілген әкімшілік аумағы бар. Сол аумақта тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз, қоғамдық тәртіпті қадағалаймыз. Маған қарасты әкімшілік аумақтағы тұрғындар мені жақсы таниды. Сол аумақтағы дүкен иелерімен де, сатушыларымен де тығыз байланыс орнатқанбыз. Ұялы телефонымыз 24 сағат бойы қосулы тұрады. Тұрғындар тарапынан түсетін шағымдарды назардан тыс қалдырмаймыз.

Елбасы осыдан төрт жыл бұрын «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша

ашсаңыз, 200 хабарлама тұрады. Сол шағымдар негізінде тексеру жүргіземіз.

Жас qazaq: Қай мәселеге қатысты шағым жиі түседі?

Қуаныш Бөкібаев: Шағымдардың көбісі отбасылық кикілжіңге қатысты. Ұрлық-қарлық аз. Статистика бойынша алғашқы орындарда — отбасылық кикілжің, қоғамдық тыныштықты бұзу, спирттік ішімдік ішіп, төбелесетіндердің үстінен түсетін шағымдар. Ең қиыны, отбасылық кикілжіңге қатысты түскен шағым бойынша тексеру дер едім. Өйткені, ерлі-зайыптылардың түсініктемесіне қарасаң, әрқайсысы өзінше дұрыс айтып жатқандай. Тәулігіне 100 шағым түссе, соның тең жартысы отбасылық кикілжіңге қатысты шағымды құрайды. Бұл ойланатын мәселе.

Тұрғын үй кешендерінің бірінші қабатында орналасқан түнгі клубтар мен дәмханаларға қатысты түсетін шағымдар да жеткілікті. Себебі онда қорқор (*кальян*) шегетіндер бар, масайып төбелес шығарады. Алкогольді ішімдік ішкендер демалыс күндері күрт көбейеді. Әрине, спирттік ішімдіктерді сағат 23:00-ден кейін сатуға тыйым салынған. Алайда бұл талапты бұзатындар әлі де бар. Соңғы екі айда маған

ПОЛИЦИЯ АЛҒЫС АРҚАЛАП ЖҮР

БҮГІНДЕ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА 32 УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ БЕКЕТІ, 309 УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ ИНСПЕКТОРЫ МЕН УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯНЫҢ 25 КӨМЕКШІСІ БАР. ӘРБІР ПОЛИЦИЯ БЕКЕТІНЕ ТӘУЛІГІНЕ КЕМ ДЕГЕНДЕ ТҮРЛІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША 5 ҚОҢЫРАУ ТҮСЕДІ.

қарасты әкімшілік аумақта үшінші дүкеннің занбұзушылығына қатысты құжат толтырылып, қылмыстық істің қарауына жіберілді.

Жас qazaq: Жұмыс барысында жиі қайталанатын қылмыс пен бұзақылықтарды азайту үшін қандай ұсыныс айтар едіңіз?

Қуаныш Бөкібаев: Жергілікті полиция басқармасы тарапынан бұл бағытта түрлі ұсыныс айтылып жатыр. Әзірге нәтиже болмай тұр. Себебі біздің ұсыныстарымыз кәсіпкерліктің дамуын тежейді деген уағ айтылады. Ал менің жеке ұсынысым — қорқор шегуге толық тыйым салынса екен, бүгінгі қолданыстағы заңнамада қоғамдық орындарда шегуге болмайды деген бұл пен санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің қаулысы бола тұра, кейбір дәмханалар қорқордан бас тартқан жоқ. Ал дәмхана қоғамдық орынға жатады. Соған байланысты бірнеше рет хаттама толтырдық, нәтиже жоқ. Дәмхана иесі айыппұлын төлейді де, кәсібін жалғастыра береді.

Қорқорды қоғамдық орындарда шегуге тыйым салуды денсаулық сақтау министрлігі жайдан-жай ұсынған жоқ қой. Дәрігерлер бір рет шеккен қорқор 1 мың шылымға тең келеді, оны шеккен адамның ағзасынан 8 түрлі зұққалы ауру белгісі анықталған. Менінше, бұл үлкен мәселе.

Жас qazaq: 2017 жылы ЕХРО халықаралық көрмесі қарсаңында тіркеусіз жүргендерге талап күшейді. Оған дейін тұрақты тіркеуі басқа қалада, өзі басқа қалада тұратындар көп еді. Сізге қарасты тұрғын үй кешендерінде сол талаптан кейін қандай да бір он өзгеріс болды ма?



Қуаныш Бөкібаев: Әрине, қала тұрғындары тіркеуге бей-жай қарамайтын болды. Оның үстіне, бұл талап Әкімшілік құқық бұзушылық кодекстің 492-бабында қозделген ғой. Бастапқыда ескерту жасалады. Ал бір айдан астам мерзімде жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен не тұрғылықты жері бойынша, уақытша болатын (туратын) жері бойынша тіркеусіз тұрса, 7 АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл — 17 675 теңге. Егер айыппұл төлеген соң да бір жылдың ішінде тіркеуге тұрмаса, 13 АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді. Пәтер иесі пәтер жалдаушыны уақытша немесе тұрақты тіркеуге қоюға міндетті. Егер пәтер иесі ол талапты орындамаса, онда 10–45 АЕК көлемінде айыппұл салынады.

Қазіргі таңда уақытша тіркеу тегін. Айыппұл төлеп әуре болғаннан заң шеңберінде тіркеуге тұруға кенес береміз. «Хайвилде» 600-ден астам пәтер жалға беріледі. Ең қызығы, кей пәтерді жалға алушылар баспананы массаж салонына айналдырып алған. Ал пәтер иелері одан бейхабармыз дейді. Бұл мұндай деректі сол үйдегі тұрғындардың көмегімен анықтаймыз. Ай сайын тұрғын үйлерде жиналыс жасаймыз. Жиынды халықтың жұмыстан қайтар уақытына белгілейміз, өкінішке қарай, көбі қатыспайды. Кіреберістің жауапты тұрғындар жетекшілері мен өзі тұратын үйге жаны ашитын адамдар ғана келеді. Көбінің жауабы бір — уақытым жоқ. Біз ешкімді жиналысқа қатысуға күштей алмаймыз. Дегенмен, жиналысқа қатысқандары өздеріне пайдалы екенін түсінсе екен дейміз.

— **Сұхбатыңызға рахмет!**

Ментай ШЫНҒЫСҚЫЗЫ, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша меншікті тілші

Бағдар

Түркістан облысында «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» сәтті іске асырылуда. Бағдарламада «Келешекте индустрияландырудың көйінгі кезеңдерінде тиімді қазақстандық өндірушілердің өңірлік нарықтарға жаппай шығуына және орнығуына қолдау көрсетіледі. Бизнес пен мемлекеттің күш-жігері Қазақстанның индустриялық-технологиялық кешбасшы елдердің қатарына кіруі қамтамасыз етілетін бірнеше бағытта мамандануын қалыптастыру мен бекітуге, сондай-ақ сұранысқа ие жаңа технологияларды шоғырландыруға мүмкіндік беретін қолайлы инновациялық ортаны қалыптастыруды аяқтауға жұмылдырылады.

«Қазақстан-2050» стратегиясында қойылған, Қазақстанның 15-20 жыл ішінде дамыған елдердің технологиялық даму деңгейіне жетуі жөніндегі міндет осылай орындалатын болады» деп атап көрсетілгендей, осы бағытта өңірде іргелі кәсіпорындар бой көтеріп, заман талабына сай жұмыс істей бастады. Олардың көш басында тұрғын Ордабасы ауданындағы табиғи сүт өнімдерін шығаратын «Бөрте Милка» тауарлы сүт фермасы бүгінде еліміздің мақтанышына айналды. Елбасы өткен жылғы халыққа арнаған Жолдауында аталған кәсіпорынның жетістігі туралы арнайы айтып өткені жұрттың жалында қалды. Нақтырақ айтсақ, Нұрсұлтан Әбішұлы: «Негізгі міндет — еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын 2022 жылға қарай 2,5 есе көбейту. Мәселен, Түркістан облысында «Бөрте Милка» ЖШС-і жана заманауи технологияларды пайдаланудың арқасында өнімділікті 2 есеге арттырған», — деп атап өтті.

Айтса айтқандай, бұл компания мемлекеттік қолдауға ие бола отырып, бүгінде едәуір жетістікке қол жеткізді. «Бөрте Милка» ЖШС-нің директоры Нұралы Әбіштің: «Мемлекет қолдау көрсетпесе, мұндай дәрежеге жету қайда?!» деген сөзінің жаны бар. Осыдан 4 жыл бұрын жоба құны 3 млрд теңгені құраған бұл кәсіпорын Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында салынған. Аталған тауарлы-сүт фермасы Швецияның «DeLaval» компаниясының озық технологиясымен жабдықталған. Венгриядан жеткізілген голштин-фриз 408 бас асыл тұқымды сиыр қазір сүтті «селдетіп» тұр деуге болады. Алтынға айырбастауға келмейтін ірі-қараны роботтар сауады. Яғни мұнда барлық жұмыс автоматтандырылған. Серіктестік басшысының айтуынша, шетелден әкелінген әрбір бас сиырга және сиыр сауатын роботтарға мемлекет тарапынан субсидия берілген. Нақтырақ айтсақ, Нұралы Әлмаханұлы: «Мемлекеттік қолдау сиырлардың

жем-шөбіне де беріледі. Бүгінде сүттің литріне 35 теңгеден субсидия беріледі Айта берсек, көмек көп. Тауарлы-сүт ферманың жанынан сүт өнімдерін өңдейтін зауыт ашып, оған Қазақстан даму банкі арқылы жылдық сыйақы мөлшерлемесі 14 пайызбен 800 миллион теңге несие алған болатынбыз. Оның 7 пайызын «Даму» қоры төлеп берсе, бізге қалатыны 7 пайыздық жеңілдік. Сонымен қатар «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы жылдық сыйақы мөлшерлемесі 4 пайыздық жеңілдікпен 400 миллион теңге несие алдық. Осының барлығы мемлекеттің бізге — кәсіпкерлерге беріп отырған көмегі. Егер мұндай мүмкіндіктер қарастырылмаса, жұмысымыз

алға баспас еді. Сондықтан қолдау білдіріп жатқан Үкіметке айтар алғысымыз шексіз», — дейді.

Қазіргі таңда фермада бұзауларды қосқанда 1000-ға жуық сиыр бар. 600 бас аналықтың 380-і сауылады. Әрқайсысы тәулігіне 30 литрден сүт береді. Күн сайын 11 тонна сүт ферма жанындағы зауытқа өткізіледі. Мұнда алғашқыда 1 қора болса, қазір оның саны 5-еуге көбейген. Серіктестік басшылығы келер жылы тағы бір



ғимарат салуды жоспарлап отыр. Қораға сиыр сауатын 4 робот қойылмақ.

Ал ферма менгерушісі Қуаныш Мәмбетов: «Жергілікті шаруалар малын асылдандыру үшін бізден бұзау сатып ала бастады. Бүгінде әр фермада сиыр сауатын 2 роботтан болса, алдағы уақытта 4 роботтан болады», — делі. Мұнда сауыншы жоқтығы шынында да қайран қалдырады. Барлық жұмысты дерлік робот

атқарады. Алдымен сауатын орынға келіп тұрған сиырдың желінін жуып, одан соң сауады және тұратын орнын тазалайды. Жемделетін



сиырларды салқындату жүйесі, метеостансасы бар желдеткіш жүйесі, сиырдың тойғанын анықтау камералары орнатылған. Әрқайсысына бірегей коды бар чип орнатылған. Сауын сиыр туралы ақпарат жалпы компьютерге түсіп тұр. Енді бұл жағдай осыдан біраз жыл бұрынғы сауыншылар мен еңбек ардагерлерін таңғалдыратыны анық. Мұндағы мамандар заманауи құралдармен жұмыс істеуді толық менгеріп алған. Сиырлардың күтімі, азық

құрамын анықтау, сүт сапасына қатысты ешкімге тәуелді емес. Барлық маман осында.

Ферма жанындағы сүт өңдейтін зауыттың ашылғанына 1,5 жыл болыпты. Толық автоматтандырылған және жана технологиялы сүт өнімін өңдеу зауытының тәуліктік қуаты — 50 тонна. Осы жерде зауытқа жұмсалған 1 миллиард 336 миллион теңгенің 825 миллион теңгесін мемлекеттік бағдарлама аясында Қазақстанның даму банкі берсе, 511 миллион теңге кәсіпорынның жеке қаражатынан шыққан. Нәтижесінде жұмсалған ақша айдалаға кетпеді. Кәсіпорын елдің игілігіне қызмет етіп келеді. Табиғи таза өнім жұрттын ерекше қызығушылығын тудырды.

Қазіргі таңда дүкен сөрелеріндегі сүт өнімдері арасында түрлі қоспа қосылған, құрғақ сүттен дайындалған өнімдер кездесетіні анық. Зауыттың тыныс-тіршілігімен таныстырған директор Әлібек Өмірзақ: «Бөрте Милка» зауыты өнімдерінің ерекшелігі 100 пайыз табиғи өнім екендігінде. Сүттің сақтау мерзімі бар-жоғы 7 күн, айран 15

күнге жараса, қалғандарын дүкен сөрелерінде 24 күн ғана сақтауға болады. Біздің басты мақсатымыз — тұтынушыға тауарды сапалы

әрі балғын күйінде жеткізу. Фермадан сүтті қабылдап алған соң, оны 95 градуста қайнатып (пастерлеп), 5 минуттан соң қайта суытамыз. Шығарылатын өнімге қажетті температурасына келгенде өзі автоматты түрде ары қарай құйылады. Жалпы, сапа дегеніміз — ең алдымен тазалықтан басталады. Италиядан әкелінген заманауи қондырғылар жоғары технологиялармен жасалынған. СИП-станция деп аталатын аппарат бір жерде тұрып, құбырларды бірнеше кезеңде жуады. Дезинфекциялайды. Өнімдеріміздің сапалы, дәмді болатыны да сол себептен», — дейді. Әзірге ферма беріп жатқан бар сүтпен 10-12 тоннадай ғана түрлі өнім өндіріледі екен. Тек сүттің өзін ғана шығаратын болса, тәулігіне 100 тоннадай өнім алынады. Алайда үлкен бөшкіде айран мен иогурт 12 сағаттай ұйытылып, уақытты ұстайды екен. Соңы уақытта сарымай шығару да қолға алыныпты. Сондай-ақ сүт өнімдері әзірге дистрибыторы арқылы Шымкент қаласы мен облыс аумағын ғана қамтып тұр. Сапалы өнімнің өтімділігі жоғары болғанымен, толық қуаттылығында өндіруге шикізат аздық етуде. Келешекте жергілікті тұрғындардан сүт жиналған соң Жамбыл, Қызылорда облыстарының тұрғындары да «Бөрте Милканың» таза сүтін ішеді.

Зауыт басшысы: «Егер басқа компаниялар сияқты құрғақ сүтті жоғары қысыммен тетрапакетке құйып, жасанды сүт етіп нарыққа шығара берсек, оның құны әлдеқайда арзан болар еді. Алайда біздікі — таза сүт пен сүт өнімдері», — дейді. Мұнда келер жылы балмұздақ цехын іске қосуды жоспарлап отыр. Әзірше жұмыспен қамтылған 36 адамның дені — жергілікті тұрғындар.

Иә, осылайша оңтүстікте өндіріс жанданып келеді. Бір кездері естіген кісіге қызық көрінетін заманауи технологиялар аймақтың ажарын ашатын кәсіпорындарда қыркынды жұмыс істеп тұр. Бұл елімізді индустриялық-инновациялық дамытуға жанаша серпін беруде.

Фото Қайсар ШЕРІМ
Түркістан облысы

Серпін

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы Түркістан облысында тиянақты жүзеге асырылып келеді. Әсіресе Отырар ауданында жақсы жұмыстар жүргізілуде. Соның нәтижесінде шағын кәсіпкерлікке бет бұрған азаматтардың қатары көбейді.

ГРАНТ ҚҰЛШЫНЫСТЫ АРТТЫРАДЫ

Үш баланың анасы Гүлмира Сансызбаева киім тігуге бала күнінен қызығады екен. Кішкентай кезінде қуыршақты киіндіретін ол есейгенде той көйлегін өзі тігіп киген. Оның бойындағы қабілетін байқаған Ұрлайым Арыстанбекқызы той көйлекті тігудің технологиясын үйретеді. Бүгінде Гүлмира Еркінбекқызы өзі де шөкірт тәрбиелеп отыр.

Тігін шеберханасын ашқан ол «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасының екінші бағыты бойынша жана бизнес идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантка қатысушы. Өткен жылы аудандағы жұмыспен қамту орталығына барып, өзінің бизнес жобаларын көрсетеді. Алайда қажетті құрылғыларды алу үшін едәуір қаржы керек. Орталық мамандары бойында қабілеті бар, жұмыс істеуге құлшынысы мол жанға мемлекеттік



Нүргүл ӘДІБАЕВА

бағдарлама аясында көмек көрсетуге бел буады. Қалай болғанда да, тігін тігудің технологиясын, қыр-сырын менгеруі қажет қой. Осында 3 айлық курста тегін білім алып, грант алуға өтініш білдіреді. Гүлмира көп ұзамай 240 500 теңге грантка қол жеткізіп, тігін машинасын, басқа да керекті материалдарды сатып алды. Бұл туралы өзі: «Біз сияқты қолы қысқа жандарды демеп жіберетін мұндай бағдарламалардың әлеуметтік маңызы зор. Қазір осы ғимаратты жалға алып, жұмысымды дөңгелетіп отырмаын. Келешекте тағы грантка ілініп жатсам, арнайы тігін цехын ашу ойымда бар. Ол кезде тек ұлттық бұйымдар тігетін боламын. Қыз жасауын, шымылдық, тойға арналған сыйлықтардың тұр-түрі болады. Қазір де осы шаруаларды біртіндеп қолға алып жатырмыз.

БЕРЕРІ КӨП БАҒДАРЛАМА

Нәпакамызды осы жерден тауып отырмыз», — дейді.

Ал Гүлзира Жанбосынова Арыстағы гуманитарлы-техникалық колледжінде шаштараз шебері мамандығы бойынша білім алғанымен, жұмыс таппай жүрген-ді. Аудандық жұмыспен қамту орталығының жолдамасымен қайта даярлау курсынан өтіп, бүгінде Шәуілдір ауылындағы «Шолпан» әсемдік салонына жұмысқа орналасыпты. Гүлзираның ендігі арманы — осы бағдарлама аясында грантка іліксе, өзінің жеке салонын ашу.

ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫНАН — ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСҚА!

Көксарай ауылының тұрғыны Айдана Сабыр Шымкент медицина колледжін «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша бітіріпті. Аудандағы жұмыспен қамту орталығы арқылы аудандық ауруханада «Жастар практикасы» бағдарламасымен 6 ай жұмыс істеген ол кейін осында тұрақты жұмысқа қалды. Бүгінде «әлеуметтік қызметкер» болып жұмысқа орналасқан жас маман мемлекеттің жастарға жасап



Гүлмира САНСЫЗБАЕВА

отырған бұл мүмкіндігіне ерекше ризашылығын білдірді. Айдана өз қызметі туралы: «Жастарға көптеген мүмкіндік қарастырылуда. Егер осы бағдарлама болмағанда әлі жұмыс таппай жүрер ме едім? Оқу орнын енді бітірген маманды қызметке кім қабылдай қойсын? Алты ай

бойы мемлекет есебінен жалақы ала жүріп, осында шыналдым, тәжірибе жинадым. Басшылық жұмыс істей алатыныма әбден көз жеткізген соң, тұрақты жұмысқа қабылдады. Емханаға келуге шамасы келмейтін мүмкіндігі шектеулі науқастардың үйіне барып, қажетті дәрі-дәрмек жеткізіп тұрамын», — дейді.

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ДЕ КӨМЕК БАР

Жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде тіркелген Света Қуандыкова бағдарламаның үшінші бағытындағы әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру бойынша Шәуілдірдегі жеке кәсіпкер Бауыржан Қылышбайдың меншігіндегі азық-түлік дүкеніне сатушы болып орналасқан. Талап бойынша 11 ай бойы жалақысының 35 пайызын мемлекет субсидиялап береді. Яғни ай сайын қолына тиетін 68000 теңгенін 24 мыңы бюджеттен төленеді, қалғанын жеке кәсіпкер береді. Мұның жұмысшыға толық көлемде айлық төлеуге шамасы келмейтін кәсіпкерлерге тиімділігі зор. Демек, мемлекет алғашқыда қолдау білдіре отырып, жұмыссыз жанның екі қолына бір күрек тауып беруде.

Жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағыты аясында шағын несие алып, кәсібін одан әрі кеңейтіп отырған кәсіпкер Нүргүл Әдібаева өткен



Соена ҚУАНДЫКОВА

оның 13-і грантты иеленіп, жұмысын бастап кетті. Қалған 173 грант 29 жасқа дейінгі жастарға беріледі», — делі.

Бұдан бөлек, бағдарламаның үшінші бағытындағы жұмыспен қамту, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру шаралары да тиісінше атқарылып келеді. Тұрақты және жана жұмыс орындарымен 1718 адамды қамту жоспарланса, бүгінге дейін 998 тұрғын жұмыс тапты. 505 жана жұмыс орны ашылып, ақылы қоғамдық жұмысқа 168 азамат жолданған.

Бетті дайындаған
Назгүл ҚАЛТЫРЗАТЕГІ,
Түркістан облысы бойынша меншікті тілші



CHEVRON, CHEVRON Hallmark және HUMAN ENERGY Chevron Intellectual Property LLC-ің тіркелген сауда белгілері болып табылады. ©2019 Chevron U.S.A. Inc. корпорациясы. Барлық құқықтар қорғалған.

ДАМУ МЕН ӨРКЕНДЕУДІ ҰЛЫҚТАУ.

Ширек ғасыр бұрын «Шеврон» Қазақстанның әлеуетіне сенім артты. Серіктестерімізбен бірге Қазақстан экономикасына миллиардтаған доллар салдық. Мыңдаған жұмыс орындарын ұйымдастырдық. Сонымен қатар, біз мемлекеттегі ең ірі мұнай өндірушісіне айналдық. Бүгінде Теңіз кен орны әлемдегі мұнай өндіруші орындарының алдыңғы қатарында. Бұл дегеніміз әлеуетті пайдалана отырып, өркендеу. Бүгін және келер жылдар бойына.

Қосымша ақпаратты chevron.com/worldwide/kazakhstan/kazakh сайтынан қараңыз.

ОЙЫМЫЗ БІР.



human energy®




ХААНЫҚ ЕСЕВІ

ЕТ АЛУШЫЛАР НЕШЕ АДАМ?

Біреу жылқы соятынын көрші-қолаңына хабарлайды. Белгіленген күні ол бордақысын сояды. Әр жерден ет алушылар келеді. Сойылған малды төніректен тұрғандарды көзімен санап шығып, ол сәл ойланып қалады: «Бұлардың әрқайсысына бір жіліктен берсем, онда үш жілік ет артылып қалады. Екі жіліктен сатсам, үш адамға ет жетпейді. Енді қандай амалын табайын?».

Ет алуға келгендер неше адам?

«Қырық қазына» кітабынан



ҚЫЗЫЛА ҚЫТАН

БАТБАТ КЕСІРТКЕ — жұмырбасты кесірткелер туысының бір түрі. Каспий теңізі мен Алакөл арасындағы шөлді аймақтарда тіршілік етеді. Елімізде 2 түрі бар. Денесінің ұзындығы 20 см, салмағы 43 гр, терісінің қабыршақтары ұсақ, бүртікті келеді. Басы жалпақ, жұмыр. Артқа қарай ширатылған құйрығы түбінен ұшына қарай жінішке, ұшы кара түсті болады.

(Қазақ энциклопедиясы)



Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші
Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2182;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.